

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 қарашадағы N 1233 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 ақпандағы N 208 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің "Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Жезқазғансирекмет" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 қарашадағы N 1233 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні құрамында осмий, рений және сирек жер металдары бар материалдарды қайта өңдеу және бұл металдарды өндіру мәселелері бойынша ғылым саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру деп белгіленсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі